

«Ш.Уәлиханов» жалпы орта мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы мектеп кітапханасының жұмысына талдауы.

Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы. Егемен еліміздің ертеңі болар жас ұрапқтың білімін кеңейтіп, біліктілігін арттыруда мектеп кітапханасының да рухани қазына екені рас. Ол - мектептің жүрегі, ажырамас бір бөлігі іспетті. Мынау келген жаңа заман – компьютер заманы болғанымен, рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әр баланың бір қасиетті қара шаңырағы - кітапхана. Кітап - біздің рухани құндылығымыз, теңдесі жоқ байлығымыз. Өткен замандардың тереңінен сыр шертетін тарихы да, әдебиеті де осы кітап арқылы жетіп отырады.

Міндеті:

- 1.Білім беру профиліне сәйкес жаңа және дәстүрлі бағыттағы әдебиеттер мен толықтыру.
 - 2.Оқу процесінде керекті әдебиет, ақпараттар мен қамтамасыз ету.
 - 3.Кітапхана, ақпаратқа деген оқырмандардың жан – жақты сұранысын қанағаттандыру, оларды оқуға тарту, ынталандыру.
 - 4.Кітапты ұқыпты ұстап, ақпарат көздерін бүлдірмеуге үйрету, тәрбиелеу.
- «Кітап - білім бұлағы, білім - өмір шырағы» бұл сөзде көп ойларды тоқуға болады. Мектеп кітапханасында ақпараттық коммуникациялық орталық жұмыс істеуде. Оқушылар мен мұғалімдер қосымша қажет материалдарын алып отырады.

2021-2022оқу жылында кітапханаға 3941 дана оқулық келіп түсті.

Мектепте 687 оқушы, соның 687 оқулықпен қамтамасыз етілді. Бірінші кезекте мектептегі жағдайы төмен, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар оқулықпен толығымен қамтамасыз етілді.Аталған топқа жататын оқушылардың барлығы 100% оқулықпен қамтамасыз етілген.

Мектепкітапханасының материалдық-техникалықбазасы:

Қабаты: 1 этаж

Жалпы алаңы: 69,3кв м

Кітапхананың негізгі қорына арналған жеке кітап сақтау қоймасы бар.

Кітапхананың материалдық-техникалық қамтамасыздандырылуы: стеллаждар-3, кітап көрмеге арналған сөре -5.

Кітапханамызда мерзімді баспалармен танысуға болады. Атап айтсақ «Жас ғалым», «Балдырған», «Мектеп», «Білім шыңы»

1-қыркүйек «Сыңғырла алғашқы қоңырау» атты жиын өтті.Мектеп кітапханасында «Терең білім,еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, әліппе оқулығымен таныстырылды.

1 сынып оқушыларымен кітапханашы Е.Қақанова кітапхана өмірімен таныстыру мақсатында«Кел, балалар,оқылық» аты кітапханаға саяхат сабағы өтілді.Сабақ барысында оқушыларды кітапханамен таныстырып,балалар әдебиетімен және кітапты қолдану ережесімен таныстырып өтті.«Ұлт ұстазы- Ахмет» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.Көрмеге А.Байтұрсыновтың шығармалары,нақыл сөздері,мерзімді басылымға жарияланған мақалалар қойылды.

Көрмеге барлық оқырман тобы тартылды. Жоғарғы топ оқырмандарымен «Буккроссинг» акциясы өткізілді. мақсаты үйімізде жатқан немесе оқылған кітаптарға екінші өмір сыйлау, оқырмандар арасында кітап алмастыру акциясын жүргізу: әр түрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру; кітапхананы үлкен кітапханаға айналдыру. Жоғарғы топ оқырмандары үйлерінен бірнеше кітап әкеліп кітапхананы кітаппен толықтырды.

Қазан айында оқырман арасында қазақ жазушысы М. Хакімжановаға арналған дауыстап оқу ұйымдастырылды.

«Бір ел бір кітап» және Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына 30 кітап насихатталды.

Мектеп оқушылары арасында кітап оқу мәдениетін дамыту, оқу сауаттылығын арттыру мақсатында, кітап оқыған адам табысты адам атты челендж ұйымдастырылды.

Қазан айының екінші жексенбісі «Ұстаздар күні» мерекесіне орай «Ұстаз – ұлағатты есім» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты. Оқырмандарды М. Әуезов шығармаларымен таныстыру, кітап оқуға тарту. Көрмеге М. Әуезовтің шығармалары, М. Әуезов жайлы айтылған естеліктер, газет-журналдар қойылды. Көрмеге орта және жоғарғы топ оқырмандары тартылды.

Қараша айында оқырмандар арасында Абай Құнанбаевтың өлеңдерін насихаттау мақсатында «Абай тақырыбы-мәңгілік тақырып» атты поэтикалық марафон ұйымдастырылды. Марафонның мақсаты: Қазақтың бас ақыны, ұлы дана, ойшыл сазгер Абай Құнанбаевтың мол мұрасын сыныптан тыс марафон арқылы насихаттау. Марафонда сынып жетекшілер оқушылармен бірге Абайдың өлеңдерін мәнерлеп оқып қара сөздерін оқыды.

Кітапханашылардың ұйымдастыруымен А. Сейдімбектің 80 жас толуына орай библиографиялық шолу ұйымдастырылды, мақсаты. ақынның өмірімен таныстырып, шығармаларын насихаттау..

Кітапхана қызметкерлері 8 сынып оқырмандарымен «Біз бақытты баламыз» оқыған кітаптарына сұрақтар мен жауаптар бойынша дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, ой-өрісін дамыту, тіл байлықтарын кітап оқу арқылы арттыру. Іс-шара барысында оқырмандар оқыған кітаптарын «Он бес жасар капитан», «Өгей бала», М. Қабанбаевтың «Жиһангез Тити», Б. Момышұлы «Ұшқан ұя» кітаптарымен пікірталас жүргізілді. Әр оқырман өз ойларын айта отырып, кітаптан алған әсерлерін, ондағы жағымды кейіпкерлермен басты кейіпкерлер жайлы айта отырды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханада 9 сынып оқырмандарымен Ш. Мұртаза 90 жыл «Аңыз бен абыз» өмірі мен шығармашылығына әдеби вернисаж өтілді. Мақсаты: Ш. Мұртазаның өмірі және шығармашылығы жайлы презентация жасап сабақ өткізілді. Оқырмандар жазушылардың Ш. Мұртаза туралы айтқан пікірлер, ойлар туралы пікірлер айтылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханада «Оқу сағаты» сабақтары жүргізілді. Сабақ арасында «Үзілісте 20 минут» оқу сағаты ұйымдастырылып оқырмандар кітапханаға келіп кітап оқыды.

«Бір апта- бір кітап» оқыған кітаптарымен сайыс сабақтар ұйымдастырылып тандалған кітаптарға байланысты сұрақтар қойылып, сауалнамалар жүргізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш топ оқырмандарымен «Ж. Жабаев туғанына 175 жыл» толуына орай Жамбыл оқулары өтілді. мәнерлеп оқу сабағының

мақсаты: Ж.Жабаевтың өлеңдерін оқу арқылы баланың бойына жақсы қасиеттерін сіңіру, оқу сауаттылығын арттыру. Жақсы мәнерлеп оқыған оқырмандар мақтау қағаздарымен марапатталды.

7сынып оқырмандарымен «Мен оқыған бір кітап» «Бук слэм» әдісі бойынша сабақ өтілді.Бұл сабақта оқырмандар өздерінің сүйікті кітабын жарнамалау арқылы оқырмандарды кітап оқуға шақырады.Жарнаманы бейнешолу түрінде жасады.«Оқырман ата ана-оқырман бала» атты марафон өткізілді.Мақсаты: жанұямен кітап оқу дәстүрін жаңғырту,адамзаттың ой-өрісін,шығармашылық,әлеуметтік белсенділігін арттырудың қуатты құралы болып табылатын кітап оқуды отбасылық құндылыққа айналдыру.Бұл оқырман марафонына 3 отбасы қатысты.Сайыс соңында қатысқан отбасылар мектеп директорының марапатымен марапатталды.

«Бірге кітап оқиық» bookdating кітап оқуды сүйікті істеріне айналдыру мақсатында 10 сынып оқырмандарымен өтілді.Кітапхананың тұрақты жоғарғы топ оқырмандары төменгі топ оқырмандарына кітапты қалай оқу керек,кітапқа деген қызығушылықты қалай бастау керек екені жайлы түрлі әдістер көрсетілді.

Алдағы уақытта да «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жоспар бойынша жұмыстар жалғасын табады. Кітап – рухани азық беретін құдіретті құндылық, адамзатты тәрбиелеудің басты құралы. Өзінің биік, таза рухани қасиетімен кітап – мәдениет пен руханиятты қорғауда теңдесі жоқ қару болып табылатыны сөзсіз. «Адамды адам ететін – кітап» деген сөз текке айтылмаса керек-ті.Кітапхана жұмысындағы талдауды қорытындылай келе «Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік», – деген Ғабит Мүсіреповтың сөзімен түйіндегім келеді.













Оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетіннін, рухани байлыққа қол жеткізу жолында кітаптың маңызы, атқаратын ролі, пайдасы жайлы ұғындырдық.

Мектеп кітапханасы 100 мың теңгеге газет- журналға жазылды.

Оның ішінде

10 газет, 16 журнал.

Кітапханаға мүше оқушылармен әр тоқсан сайын сыныптарға рейд жүргізіледі. Кітаптарды тарату, қабылдау кездерінде көмектеседі, кітаптардың тазалығын тексереді. Әр тоқсан сайын оқулықтардың таза ұсталуын қадағалау үшін тексерулер болып тұрады, «Кітапты қалай оқу керек », «Кітапты сақтау ережелері» атты стендтер

жасалынды. «Жанұямызбен кітап оқиық», «Кітапты күтіп ұстай біл» тақырыбында бастауыш сынып оқушылармен әңгіме өткізілді.

Әр тоқсан сайын кітапханашылар оқулықтарды тексеру барысында 1-2- 3 – 4 сынып оқушылары кітапты күтіп ұстауы жағынан өте жақсы көрсеткішке ие болды, 6-7-8 сынып оқушылары жақсы көрсеткішке ие болды, 9-11 сынып оқушылары оқулықтарын толық әкелмегендіктен сынып жетекшілеріне ескерту жасалды Жеңілдік берілген оқушылар 100% оқулықтармен қамтамасыз етілді .

Қорытынды: Жыл бойына мектепте жүргізілетін кітапхана жұмысының нәтижесіне қарап,оқушылардың кітапханаға келуіне мән беру.